

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының 2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу туралы талдамалық
Анықтама**

Түркістан облысы

13.08.2025 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрық негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:

1) Персоналды басқару.

2) Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Талдамалық анықтама:

1) Персоналды басқару

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмысшы тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 2526 адам жұмыс жасайды.

2024 жылдың тамыз айынан бастап кәсіпорынмен еңбек шартын бұзғандар саны- 54 адамды құраса, еңбек шартын түзгендер саны 79 адамды құрайды. 2025 жылдың 5 айында кәсіпорынмен еңбек шарты бұзылғандар саны – 82 адам құраса еңбек шартын түзгендер саны 147 адам құрады.

ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 98 бабына сәйкес кәсіпорында бос жұмыс орын туралы ақпараттарды enbek.kz сайтына мерзімінде орналастарылады.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы басшысының 31.01.2025 жылғы № 38 н/қ бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, тиісті баға алу арқылы хаттама түзіліп қабалданады.

Талдау жүргізу барысында бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желіге орналастыру бойынша және азаматтарды жұмысқа қабылау кезінде заң бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорын қызметкерлерін конкурстық іріктеуді жүргізбей лауазымға тағайындауда, қызметкерлерді жұмыстан шығаруда, лауазымды ауыстыру кезінде және қызметкерлердің біліктілік талаптарының сәйкес келмеуі бойынша заң бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорыннан жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығарылған қызметкерлер туралы:

Кәсіпорында есепті кезеңде 2025 жылда жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзғандар жоқ.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер:

Кәсіпорында түрлі себептермен тәртіптік жазаға оның ішінде сөгіс, қатан сөгіс алған қызметкерлер саны 2024 жылдың тамыз айынан бастап 150 қызметкер болса, 2025 жылы маусым айына дейін 190 қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылған.

Тәртіптік жаза беру кезінде заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қызметкерлердің материалдақ мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорында шешім қабылдау кезде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындау үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер немесе өзге де нысандар түрінде кез келген сияқы қабылдау бойынша, Мекемелердегі мүліктерді пайдалана отырып, зыңсыз кәсіпкерлік қызметтерді жүзеге асыру бойынша мекемелер қызметіне зиян келтіру мүнкін мүдделер қақтығысына жол беретін заң бұзушылықтар анықталмады.

3) Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 22-баба 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзрет шегінде барық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағыны не тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілет жемқорлыққа қарсы шектеу қабылданған. Бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер жеке және саңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та шағымдар анықталмады.

4)Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2024жылға «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» - нан 9 541 379,8 мың теңгеге келісім шарт құрылды. Оның ішінде 8 431 089,87 мың теңге қызметкерлердің айлық жалақысы мен салықтарға жұмсалса, қалған қаражат жедел медицинаға керекті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Оның ішінде мемлекеттік сатып алу порталы бойынша төмендегі келісім шарттар бойынша кешіктірулер мен орындалмау себептері болды.

1) №25 келісім шарт 31.01.2024ж түзілген өнім беруші ИП Запчастъ Трейд автобөлшектер жеткізуді 10 күнге кешіктірген 17 777,7 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

2) №58 договор 01.03.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Apple Group Кабель отведения для ЭКГ аппаратов жеткізуді 16 күнге кешіктіріп, 5048,64 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

3) №61 келісім шарт 11.03.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Заупан автобөлшектер жеткізуді 14 күнге кешіктіріп, 117 670тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

4) №77 келісім шарт 28.03.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Полат «Планшет және орталықтандырылған бейнебақылау жүйесін қосуға арналған жабдықтау құралдарын» жеткізуді 30 күнге кешіктіріп, 438 960 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

5) №96 келісім шарт 19.04.2024ж түзілген, өнім беруші «ЖШС "Орган Метрологии и Сертификации» Өлшеу құралдарын метрологиялық аттестаттауды жүргізу жөніндегі қызметтерді орындауды 19 күн кешіктірген және 34501 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

6) №113 келісім шарт 05.06.2024ж түзілген, өнім беруші ЖШС "Жасампаз болашақ" Жедел-жәрдем қызметкерлеріне арналған арнайы киім тігу жұмыстарын 7 күнге кешіктіріп, 228 466,22 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

7) №120 келісім шарт 03.07.2024ж түзіліп, өнім беруші ИП Базаров Жылыту жүйесін жуу және сығымдау жөніндегі қызметтерін 7 күн кешігіп орындап 15633,31 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

8) №121 келісім шарт 03.07.2024ж түзілген, өнім беруші ТОО "Альянс Group 2019" Интерактивті панель жеткізуді 17 күнге кешіктіріп, 20702 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

- 9) №123 келісім шарт 11.07.2024ж түзілген, өнім беруші Улдаханова ЖАС Sunray арналған автобөлшектерді жеткізуді 4 күнге кешіктіріп, 7000 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.
- 10) №137 келісім шарт 23.08.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Фатима Hyundai H-1 автокөлігіне арналған автобөлшектерді жеткізуді 5 күнге кешіктіріп, 4755 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.
- 11) №138 келісім шарт 27.08.2024ж түзілген, өнім беруші НурСити Газель Некст автокөлігіне арналған автобөлшектердің бір бөлігін жеткізуді 13 күнге кешіктіріп, 3588 тг тұрақсыздық айыппұлын төлеген.
- 12) №139 келісім шарт 28.08.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Жауһар Жас Sunray автокөлігіне арналған автобөлшектер жеткізуді 6 күнге кешіктіріп, 10199.94 тг тұрақсыздық айыппұлын төлеген.
- 13) №145 келісім шарт 25.09.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Тагаев Төлеби аудандық жедел медициналық жәрдем бөлімшесі ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстарын 34 күнге кешіктіріп орындап, 299 336тг тұрақсыздық айыппұлын төлеген.
- 14) №146 келісім шарт 25.09.2024ж түзілген, өнім беруші ИП ӘДІЛЕТ Кентау қаласындағы жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясының №5 ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстарын 37 күнге кешіктіріп орындап, 291 597тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.
- 15) №147 келісім шарт 29.09.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Сагиндыков Түркістан қаласындағы жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясының №3 ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстарын 36 күнге кешіктіріп орындап, 284 400тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.
- 16) №161 келісім шарт 23.10.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Заупан Жас Sunray автокөлігіне арналған автобөлшектер жеткізуді 10 күнге кешіктіріп, 14 450 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.
- 17) №178 келісім шарт 06.12.2024ж түзілген, өнім беруші ИП Заупан Жас Sunray автокөлігіне арналған автобөлшектер жеткізуді 3 күнге кешіктіріп, 8190 тг тұрақсыздық айыппұлын төледі.

Жалпы 17 келісім шарт кешіктіріліп орындалып 1 814 214,05мың теңге тұрақсыздық айыппұлы салынып, мекеме шотына аударылды.

5)Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

Кәсіпорынның әлуметтік желідегі парақшалары 2020 жылы ашылған (*instagram, Facebook*).

Кәсіпорынға қатысты әлуметтік желідегі парақшаларда және БАҚ-та кәсіпорынға қатысты резонанс туғызатын жариялымдар анықталмады.

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдары тіркелген және мерзімінде жауап берілген.

6) Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 22-баба 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзрет шегінде барық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағыны не тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.



Талдау объектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілет жемқорлыққа қарсы шектеу қабылданған. Бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер жеке және санды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та шағымдар анықталмады.

Қорытынды:

1. Қызметкерлерді жұмыстан шығару кезінде еңбек кодексінің баптары дұрыс қойылмаған.

Жұмыс тобының мүшелері:

Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары		Ш.Оспанова
Басшының әкімшілік және шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары		Ғ.Сәрсенбай
Кадр бөлімінің басшысы		Б.Ысқақ
Кәсіпорын заңгері		О.Омар
Комплаенс офицер		Д.Туленов